



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ



САБЫР РАХЫМОВ АТЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖІ

Ақпараттық хат

2025 жылғы 10 желтоқсан күні *Халық Қаһарманы, Армия генералы Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Қарулы Күштердің ұлы сардары – 80 жаста»* атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтетіндігін хабарлайды.

Конференцияға баяндамалар мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды қабылдау онлайн түрде жүргізіліп, Әскери колледждің ресми сайтында және «Кәсіби сержант – кәсіби армияның тірегі» әскери-ақпараттық танымдық журналында жарияланады (*2025 жылдың 1-10 желтоқсан аралығы*).

Конференцияның жинағына бүкіл әскери гарнизондардың, әскери бөлімдерінің, әскери жоғары оқу орындарының, Әскери колледждердің, Шымкент қаласының ЖОО, ТЖКББ білім беру ұйымдарының педагог-мамандары, ізденуші жас ғалымдары мен зерттеушілері өз тәжірибелерін жібереді деп күтілуде.

Конференция аясында ұйымдастырушы комитеттің шешімімен үздік деп танылған жобалар *«Алғыс хаттармен»* марапатталады.

Конференцияны өткізу уақыты: 2025 жылдың 10 желтоқсан күні.

Ұйымдастырушы мекеме: Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі Сабыр Рахымов атындағы Әскери колледжі.

Республикалық ғылыми-практикалық конференцияны өткізудің мақсаты: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуы мен қалыптасуына үлес қосқан Қарулы Күштер ардагері, Халық қаһарманы, армия генералы, «Қарулы Күштер Ардагерлері» РҚБ төрағасы Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевтың 80 жасқа толуына орай өмірі мен еңбек жолдарын насихаттау.

Конференцияға мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады.

Конференцияға мақалаларды қабылдау 2025 жылдың 30 қарашасына дейін жүргізіледі, қатысушылардың баяндамалары және басқа да ғылыми-педагогикалық еңбектері nur.dau.90@mail.ru электрондық жәшігіне жіберілуі қажет.

Ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну тәртібі

Конференцияға қатысу үшін өтініштер, баяндамалар берілген үлгі бойынша ағымдағы жылдың 30 қарашасына дейін nur.dau.90@mail.ru

электронды поштасына жіберілуі қажет. Қосымша ақпаратты төменде көрсетілген телефондар арқылы ала аласыздар: + 7 776 048 89 58

Өтінім үлгісі

Халық Қаһарманы, Армия генералы Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған **«Қарулы Күштердің ұлы сардары – 80 жаста»** атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысушының сұранысы

Қатысушының тегі, аты-жөні,
лауазымы
Облыс, аудан, қала, село (ауыл) атауы
Білім беру мекеменің атауы
Ғылыми конференция атауы
Сымтетік нөмері, e-mail, 3x4 фотосы

Көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен жұмыстар қабылданбайды.

Конференция қорытындысы бойынша баяндамалар, мақалалар жинақ болып шығарылады.

Ғылыми мақалаға қойылатын талаптар:

Жіберілген мақалалар, баяндамалар келесі түрде безендіріледі: ғылыми мақаланың жалпы көлемі 2 беттен кем емес, 5 беттен аспауы керек; А4 форматында, Times New Roman қаріпі, 14 – кегль, жол арасы интервалы – 1,0; Мақаланың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілуі тиіс. Алғашқы беті: мақаланың атауы, автордың толық аты-жөні, жұмысы, оқу орны, қызметі көрсетілуі тиіс. Аннотация - (қазақ және орыс тілдерінде). Мақала мәтіні жаңа жолдан басталады.

Конференцияға қатысушылар қатысушы өтінімін толық толтырулары қажет. Дұрыс толтырылмаған өтінім мен өтінімі жоқ материалдар қабылданбайды.

Конференция туралы толық ақпаратты келесі байланыс нөмірі арқылы білуге болады: + 7 776 048 89 58 (Whatsapp) және + 7 707 657 90 17